

Әдеп кодексінің маңыздылығы

Тұтас бір қоғамда тіршілік етіп отырған соң ондағы қарапайым адамдар белгілі бір әдепке сай қарым-қатынас жасайтыны белгілі. Ал, күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі уәждеріне құлақ асып, олардың мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау басты міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген.

Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтегі және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрыстарының жаңа стандартын түзді. Негізінен мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бос уақыттарында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті.

Демек қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын адал, кез-келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны жөн.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірінде де аңдап басып, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны абзал.

Олардың күнделікті міндеті

қарапайым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек,

мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліктілікпен қатар адамгершілік қасиеттер де ауадай қажет.

Қалай десекте, мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмір салты тиісті заң талаптарына толық сай болғаны дұрыс.

Демек, Әдеп кодексі бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметшінің жеке бет бейнесін көрсететін айна екенін ұмытпауымыз қажет.

Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс, ал қоғам мемлекеттік қызметшіні өз күш-жігерін, білімін және атқарып отырған кәсіби қызметіндегі тәжірбиесін сала отырып, адал өз Отанына – Қазақстан Республикасына қызмет ететіндігіне сенуі қажет.

Мадияр Болатұлы ИСЕБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Алматы облысы
бойынша департамент
басшысының орынбасары
және Әдеп жөніндегі кеңес
хатшылығының төрағасы.

2026 жылға мемлекеттік техникалық қарап тексеруден өткізу кестесі

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы заңына сәйкес

№ п/п	Ауылдық округ атауы	Өткізілетін күн	Өткізілетін орын Уақыты 09:00
1	Саты а/о	06.04.2026	Саты әкімшілігі
2	Ақай Нүсіпбеков а/о	07.04.2026	Қарабұлақ әкімшілігі
3	Жалағаш а/о	08.04.2026	Жалағаш әкімшілігі
4	Алғабас а/о	09.04.2026	Алғабас әкімшілігі
5	Жылысай а/о	13.04.2026	Жылысай әкімшілігі
6	Ұзынбұлақ а/о	14.04.2026	Ұзынбұлақ әкімшілігі
7	Тұйық а/о	15.04.2026	Тұйық әкімшілігі
8	Кеген а/о	16.04.2026 17.04.2026	Кеген әкімшілігі
9	Карқара а/о	20.04.2026 21.04.2026	Карқара әкімшілігі
10	Тасашы а/о	22.04.2026 23.04.2026	Тасашы әкімшілігі
11	Бөлексаз а/о	24.04.2026	Бөлексаз әкімшілігі
12	Шырғанақ а/о	27.05.2026 28.04.2026	Шырғанақ әкімшілігі

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Занды тұлға үшін:

1. Өтініш
2. Тіркеуде тұрған техника тізімі
3. Техникалық паспорт

Жеке тұлға үшін:

1. Өтініш
2. Егер өкілі болса сенімхат
3. Техникалық паспорт

Байланыс телефоны 8775 22 00 656

Инженер-инспектор

Кушекбаев М.С

ЖОҒАРЫ ПАТОГЕНДІ ҚҰС ТҰМАУЫ– тыныс алу және ас қорыту мүшелерінің жедел зақымдалуымен және өлім-жітімінің жоғары болуымен сипатталатын ауыл шаруашылығы, синантропты және жабайы құстардың жіті вирустық ауруы. Адамдар да құс тұмауымен ауырады. Қоздырғыш – адам тұмауының А вирусына антигенге жататын вирус. Етте мұздатылған кезде вирус 300 күннен астам сақталады.

Табиғаттағы вирустың негізгі көзі – жабайы құстар, негізінен суда жүзетін құстар, олар вирусты ішектен тасымалдап, оны сілекей және нәжіспен қоршаған ортаға таратады және олардан үй

Инфекция қоздырғышының көзі ауру және сауығып кеткен құстар болып табылады.

Клиникалық белгілері: құстың табиғи инфекциясы кезінде аурудың инкубациялық кезеңі 2-15 күн. Дене қызуы көтеріліп, әлсіздік байқалады, құс тамақтан бас тартады, бағдарын жоғалтады, 40-70% жағдайда зобтың кеңеюі байқалады, ауыз қуысынан жағымсыз иісті сұйықтық ағып, шырыш, қан және өт араласқан сұйық нәжіс бөлінеді. Құс ашық тұмсықпен дем алады, ысқырған, сықырлаған, түшкірген дыбыстар естіледі, жүйке жүйесінің зақымдану белгілері

ҚҰС ТҰМАУЫ

құстары, ең алдымен үйдегі су құстары – үйректер мен қаздар жұқтыруы мүмкін. Көшіп-қонатын құстардың көмегімен бұл ауру алыс қашықтыққа таралады. Қоздырғыштың негізгі берілу жолдары тамақ және су арқылы, оны тұтыну организмнің инфекциясын тудырады (алиментарлы берілу жолы), сондай-ақ ауруға бейім малдың ауру құстармен тікелей байланысы (ауа-тамшылы арқылы таралу жолы). Адам ауру жұқтырған және өлген құстармен тығыз байланыста болған кезде немесе жеткілікті термиялық өңдеусіз ауру құстардың етін және жұмыртқасын жеген кезде жұқтыруы мүмкін.

Клиникалық белгілері: Инкубациялық кезең 3-7 күн. Зақымданған құс ұйқышылдықты, түшкіруді, тынысы қарлығуды, тарақ пен сырғаның көгеруі, көз жасы ағуы, бөртпе қауырсындары, мойын мен аяқ-қолдардың салдануы, бас пен мойынның ісінуі, тұрақсыз жүріс, диарея, жұмыртқа өндірісінің төмендеуі немесе толық тоқтауы.

НЬЮКАСТЛ АУРУ (ПСЕВДОПЛАМЕР) – Галлин тұқымдас құстардың тыныс алу, ас қорыту, орталық жүйке жүйесінің зақымдануымен және өлім-жітімінің жоғары болуымен сипатталатын өте жұқпалы вирусты ауруы. Табиғи жағдайда Ньюкасл ауруы тауықтарда, күркетауықтарда, теңіз құстарында, қырғауылдар мен тауықтарда жиі тіркеледі. Вирустың таралу факторлары – ауру құстардан алынған жұмыртқалар, қауырсындар және үлпілдек, күштеп өлтірілген құстардың өлекселері, құрал-жабдықтар, азық-түлік төсек-орындары. Инфекция тамақ, су, ауа арқылы және сау және ауру құстарды бірге ұстағанда болады.

пайда болады - мойынның бұралуы, қанаттары, құйрығы салбырауы, аяқтарының зақымдануы.

Ешқандай емдеу дамымаған. Жұқпалы қоздырғыштың таралу қаупіне байланысты науқастарды емдеу ұсынылмайды.

Алдын алудың негізгі әдісі - құстарды вакцинациялау. Алдын алу шаралары: 3. Үй құстары мен синантропты құстар (торғайлар, қарғалар, көгершіндер) және жабайы қоныс аударатын құстардың байланысын болдырмаңыз.

4. Ветеринария мамандарына олардың өтініші бойынша құстарды тексеруге беріңіз;

5. Ветеринариялық мамандардың құс тұмауының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша нұсқауларын орындау;

6. Құстардың кенеттен өлген немесе бір мезгілде жаппай ауруға шалдығуының барлық жағдайлары, сондай-ақ олардың әдеттен тыс мінез-құлықтары туралы ветеринария мамандарына хабарлауға;

7. Мамандар келгенге дейін ауруға күдікті құстарды оқшаулау шараларын жүргізу;

8. Ветеринариялық ілеспе құжаттары болған жағдайда құс және сәндік құс етін сатып алу-сатуды жүзеге асыру.

9. Жануарлар мен құстарды ұстауға арналған аумақтар мен ғимараттарды таза ұстау, барлық үй-жайлар мен аумақтарды механикалық тазалау және дезинфекциялауды жүргізу.

Қарқара ауылдық округінің ветеринариялық мамандары.

Жарамсыз деп танылсын

Бекмолдаев Жумағали КАШАГАНОВИЧТИҢ атына №191 Қаулы негізінде 04.11.2019 жылы шаруашылық жүргізу үшін берілген егіндік жердің мемлекеттік акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. Кадастрлық номері 03-323-124-305.

ЧАЛГИНБЕКОВ Жумабай Кокеновичке

Райымбек аудандық әкімдігі мәжілісінің 2007 жылғы 10 қаңтардағы №23 қаулысы негізінде берілген кадастрлық номері: 03-050-113-212, 03-050-113-213 актілерінің жоғалуына байланысты жарамсыз болып табылсын.

ДАНИКУЛОВ Кудайберген Тулебаевичтің

атына Ақсай ауылы, Сағынышұлы көшесі 10 үйге Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімінің 2009 жыл 14 желтоқсанда №12-89 шешімі негізінде берілген мемлекеттік акт №857225 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Кадастрлық номері 03-050-115-653.

Жалаңаш ауылы, Жақашев 4 үй, **АСАНГАЛИЕВ Максат Бекболатовичтің** атына 1302 мұра құқығы туралы куәлік (21.04.2023) негізінде берілген мемлекеттік акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. Кадастрлық номері 03-050-105-605: 1/а